

**"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Нидерланд Корольдігі Үкіметінің арасындағы Әуе қатынасы туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 12 мамырдағы N 526 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Нидерланд Корольдігі Үкіметінің арасындағы Әуе қатынасы туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Жоба

**Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Нидерланд Корольдігі Үкіметінің арасындағы Әуе қатынасы туралы келісімді бекіту туралы**

Гаага қаласында 2002 жылғы 27 қарашада жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Нидерланд Корольдігі Үкіметінің арасындағы Әуе қатынасы туралы келісім бекітілсін.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Нидерланд Корольдігі Үкіметінің арасындағы Әуе қатынасы туралы келісім**

Осы Келісімде бұдан әрі Уағдаласушы тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Нидерланд Корольдігінің Үкіметі, 1944 жылғы 7 желтоқсанда Чикаго қаласында қол қою үшін ашылған, Халықаралық Азаматтық Авиация туралы Конвенцияның қатысушылары бола отырып, Уағдаласушы Тараптар мемлекеттері аумақтарының арасында және олардың аумағынан тыс тұрақты әуе қатынасын орнату мақсатында аталған Конвенцияға қосымша Келісім жасасуға тілек білдіре отырып, төмендегілер туралы келісті:

## 1-бап

### Анықтамалар

Егер мәтінде өзгеше айтылмаса, осы Келісімнің мақсаттары үшін:

а) "Конвенция" 1944 жылғы 7 желтоқсанда Чикаго қаласында қол қою үшін ашылған Халықаралық Азаматтық Авиация туралы Конвенцияны білдіреді және осы Конвенцияның 90-бабына сәйкес қабылданған кез келген Қосымшаны және Қосымшаға кез келген түзетуді немесе Конвенцияның 90 және 94-баптарына сәйкес екі Уағдаласушы Тарап үшін күшіне енген дәрежедегі Конвенцияны қамтиды;

б) "авиациялық билік" қазақстандық тараптан, Көлік және коммуникациялар министрлігін, голландтық тараптан, Көлік, қоғамдық жұмыстар және су басқармасы министрлігін немесе аталған билік орындары қазіргі уақытта жүзеге асыратын функцияларды жүзеге асыруға уәкілетті кез келген басқа тұлғаны немесе органды қ а м т и д ы ;

в) "тағайындалған авиакомпания" осы Келісімнің 3-бабына сәйкес тағайындалған және ұшуларды орындауға рұқсат алған авиакомпанияны білдіреді;

г) "тарифтер" жолаушылар, багаж бен жүк тасымалы үшін тікелей немесе жанама түрде өндіріп алынатын бағаларды және комиссиялық алымдар мен агенттік қызметтерді немесе почта тасымалы үшін төлем мен шарттарды қоспағанда, басқа да қосымша сыйақыларды қоса алғанда, осы бағалар қолданылатын шарттарды білдіреді;

д) "Келісім" осы Келісімді, оған Қосымшаларды және Келісімге немесе Қосымшаға кез келген түзетулерді білдіреді;

е) "алымдар" әуежайды, аэронавигация және авиациялық қауіпсіздік құралдарын бергені және басқа да көрсетілетін қызметтер үшін авиакомпаниядан өндіріп алынатын а л ы м д а р д ы б і л д і р е д і ;

ж) "аумақ" Конвенцияның 2-бабында берілген анықтамаға сәйкес мемлекеттің а у м а ғ ы н б і л д і р е д і ;

з) "коммерциялық емес мақсаттармен тоқтау" жолаушыларды, жүк пен почтаны тиеу мен түсіруден басқа кез келген басқа мақсаттар үшін қонуды білдіреді;

и) "сыйымдылық" әуе кемесіне қатысты бағытта немесе бағыттың бөлігінде әуе кемесінің рұқсат етілетін коммерциялық жүктемесін білдіреді;

к) "борттық жабдықтар" борт жабдықтары мен қосалқы бөлшектерді қоспағанда, ұшу кезінде әуе кемесінің бортында пайдалануға арналған заттарды, соның ішінде алғашқы көмек құралдарын және авариялық-құтқару жабдықтарын білдіреді.

## 2-бап

### Тасымалдау құқықтарын беру

1. Әрбір Уағдаласушы Тарап екінші Уағдаласушы Тарапқа оның тұрақты халықаралық әуе қатынасына қатысты мынадай құқықтар береді:

а) оның мемлекетінің аумағы арқылы қонбастан ұшып өту құқығын;  
б) оның мемлекетінің аумағында коммерциялық емес мақсатта қону құқығын;  
в) оның мемлекетінің аумағында осы Келісімнің Қосымшасында көрсетілген пункттерде екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағындағы пункттер үшін арналған немесе олардан шығатын жолаушыларды, багажды, жүкті және почтаны тиеу және түсіру құқығын;

г) үшінші елдердің аумағында осы Келісімнің Қосымшасында көрсетілген пункттерде осы Келісімнің Қосымшасында көрсетілген екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағындағы пункттерге бағытталатын немесе олардан шығатын жолаушыларды, багажды, жүкті және почтаны тиеу және түсіру құқығын.

Осындай хабарламалар мен осы Келісімнің Қосымшасында көрсетілген бағыттар бұдан әрі тиісінше "шарттық желілер" және "белгіленген бағыттар" деп аталады.

2. Осы бапта ешнәрсе де бір Уағдаласушы Тараптың тағайындалған авиакомпаниясына (ларына) екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында жалға алу немесе сыйақы шартымен бортқа осы басқа Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағындағы басқа пунктке тасымалданатын почтаны қоса алғанда, жолаушылар мен жүкті қабылдау артықшылығын беру ретінде қаралмайтын болады.

### **3-бап**

#### **Өкілеттіктер**

1. Әрбір Уағдаласушы Тараптың екінші Уағдаласушы Тарапқа алдын ала жазбасына хабарлай отырып, белгіленген бағыттар бойынша шарттық желілерді пайдалану мақсатында екі авиакомпанияны тағайындау құқығы бар.

2. Мұндай тағайындауды алысымен екінші Уағдаласушы Тараптың авиациялық билік орындары осы Баптың 4 және 5-тармақтарының ережелеріне сәйкес тағайындалған авиакомпанияға (ларға) дереу ұшуларды орындауға рұқсат беретін болады.

3. Әрбір Уағдаласушы Тараптың екінші Уағдаласушы Тарапқа жазбаша хабарлағаннан кейін осындай кез келген авиакомпанияның (лардың) тағайындалуын бұзу және басқа авиакомпанияны немесе басқа авиакомпанияларды тағайындау құқығы болады.

4. Әрбір Уағдаласушы Тарап екінші Уағдаласушы Тарап тағайындаған авиакомпаниядан (лардан) Конвенцияның ережелеріне сәйкес халықаралық әуе қатынасын жүзеге асыруға осы Уағдаласушы Тарап әдетте және орынды қолданатын, заңнамамен және ережелермен ұйғарылған шарттарды орындауға оның қабілеттілігіне дәлелдер талап ете алады.

5. Әрбір Уағдаласушы Тараптың осы Баптың 2-тармағында аталған ұшуларды орындауға рұқсат беруден бас тартуға немесе егер аталған Уағдаласушы Тараптың осы авиакомпанияға басым иелік ету және пәрменді бақылау жүргізу осы авиакомпанияны (ларды) тағайындаған Уағдаласушы Тарапқа немесе оның азаматтарына жататындығына дәлелдері болмағанда, кез келген жағдайда, осы Келісімнің 2-бабында көрсетілген құқықтарды тағайындалған авиакомпания пайдаланған кезде ол қажетті деп есептейтін шарттарды орындауын талап етуге құқығы болады.

6. Тағайындалған және ұшуларды орындауға осылайша рұқсат алған авиакомпания (лар) осы Келісімнің 12-бабының ережелеріне сәйкес белгіленген тариф күшіне енген жағдайда шарттық желілерді пайдалануды кез келген уақытта бастай алады.

#### **4-бап**

### **Аннулирование и приостановка действия предоставленных прав**

**РҚАО-ның ескертуі.** (4-баптың тақырыбының аудармасы берілмеген, орысша мәтіннен қараңыз).

1. Берілген құқықтардың күшін жою және қолданылуын тоқтата тұру Әрбір Уағдаласушы Тараптың екінші Уағдаласушы Тарап тағайындаған авиакомпанияның (лардың) осы Келісімнің 2-бабында көрсетілген құқықтарды пайдалануын тоқтата тұру немесе ұшуларды орындауға берілген рұқсаттың күшін жою немесе осы құқықтарды пайдалану кезінде ол қажетті деп есептейтін шарттарды орындауын талап ету құқығы б о л а д ы :

а) кез келген жағдайда егер, оның осы авиакомпанияға басым иелік етуі және пәрменді бақылауы авиакомпанияны (ларды) тағайындаған Уағдаласушы Тарапқа немесе оның климаттарына жататындығына дәлелдері болмағанда, немесе

б) егер осы авиакомпания (лар) заңдарды және осы құқықтарды беретін Уағдаласушы Тарап мемлекетінің ережелерін сақтамаған жағдайда, немесе

в) егер авиакомпания (лар) өзгеше бір жағдаймен осы Келісімде ұйғарылған шарттарға сәйкес ұшуды орындай алмайтын жағдайда.

2. Егер уақытша тоқтата тұру, дереу күшін жою немесе осы Баптың 1-тармағында аталған шарттардың орындалуын талап ету заңдар мен ережелердің одан әрі бұзылуын болдырмау үшін қажетті болып табылмайтын болса, мұндай құқық екінші Уағдаласушы Тараппен консультациядан кейін ғана пайдаланылатын болады. Мұндай консультациялар егер Уағдаласушы Тараптар өзге туралы келіспейтін болса, консультация өткізуге сұрау жасалған күннен бастап алпыс (60) күннің ішінде басталатын болады.

## **5-бап**

### **Заңдарды, ережелер мен рәсімдерді қолдану**

1. Бір Уағдаласушы Тарап мемлекетінің халықаралық әуе навигациясына тартылған әуе кемелерінің оның Мемлекеті аумағының шегіне келуі мен болуын және аумағынан ұшып кетуін реттейтін заңдары, ережелері мен рәсімдері басқа Уағдаласушы Тарап тағайындаған авиакомпанияға (ларға) қолданылатын болады.

2. Бір Уағдаласушы Тарап мемлекетінің жолаушылардың, экипаждың, багаждың, жүктің немесе почтаның оның Мемлекеті аумағының шегіне келуін, болуын және аумағынан кетуін, келуге, кетуге, эмиграция мен иммиграцияға қатысты ресмиліктерді, сондай-ақ кедендік және санитарлық үрдістерді реттейтін заңдары, ережелері мен рәсімдері олардың аталған аумақта болуы кезінде екінші Уағдаласушы Тарап тағайындаған авиакомпанияның (лардың) әуе кемелерімен тасымалданатын жолаушыларға, экипажға, багажға, жүкке немесе почтаға қолданылатын болады.

3. Уағдаласушы Тараптың ешбірі осы Бапта көзделген заңдар мен ережелерді қолдануда екінші Уағдаласушы Тарап тағайындаған авиакомпанияға (ларға) қатысты өз авиакомпаниясына (ларына) артықшылық көрсетпейтін болады.

## **6-бап**

### **Сыйымдылықты реттеу қағидаттары**

Шарттық желілерде пайдаланылатын сыйымдылық мынадай шарттарға сәйкес келетін болады:

1. Екі Уағдаласушы Тараптың да тағайындалған авиакомпаниялары белгіленген бағыттар бойынша шарттық желілерді пайдаланудың әділ және тең мүмкіндіктеріне ие болады.

2. Әрбір Уағдаласушы Тарап екінші Уағдаласушы Тараптың авиакомпаниясының (ларының) бәсекеге қабілеттілігі жағдайына қолайсыз әсер ететін кемсітушіліктердің немесе теріс пиғылды бәсекелестіктің барлық нысандарын болдырмау үшін өз юрисдикциясы шегінде барлық тиісті шараларды қабылдайтын болады.

## **7-бап**

### **Куәліктерді тану**

1. Уағдаласушы Тараптардың бірі берген немесе жарамды деп таныған және олардың қолданылу мерзімі өтпеген ұшу жарамдылығы куәліктерін, біліктілік туралы куәліктерді шарттық желілерді пайдалану мақсатында екінші Уағдаласушы Тарап жарамды деп танытын болады.

2. Әрбір Уағдаласушы Тарап өз мемлекетінің аумағы үстінен ұшуларға сәйкес оның азаматтарына берілген немесе басқа мемлекет жарамды деп таныған біліктілік туралы куәліктерді және басқа да куәліктерді танудан бас тарту құқығын сақтайды.

## **8-бап**

### **Кеден және басқа баж алымдарынан босату**

1. Әрбір Уағдаласушы Тарап тағайындаған авиакомпания (лар) халықаралық қатынаста пайдаланатын әуе кемелері олардың табельдік жабдықтары, отын және жағармай материалдарының қоры және осындай әуе кемелерінің борттында болатын борттық қорлары (азық-түлік, тамақ өнімдері, сусындар мен темекі бұйымдары қорларын қоса алғанда, тұтыну үшін дайын болып табылатын) сияқты осындай жабдықтар мен қорлар әуе кемелерінің борттында оларды кейін алып кеткенге дейін әзірге қалдырылатын жағдайда, басқа Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағына келгенде барлық кеден баждарынан, инспекциялық алымдардан және басқа да баждар мен салықтардан босатылатын болады.

2. Сондай-ақ көрсетілген қызмет үшін алынатын алымдардан басқа, осындай баждар мен салықтардан, және өзге де алымдардан мыналар босатылатын болады:

а) бір Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында осы Уағдаласушы Тараптың ұлттық заңдылықтары белгілеген мөлшерде бортқа қабылданған және екінші Уағдаласушы Тараптың белгілеген бағыты бойынша ұшуларды орындайтын әуе кемелерінің борттында пайдалануға арналған борттық қорлар;

б) Уағдаласушы Тараптардың біреуінің мемлекеті тарапына енгізілген, екінші Уағдаласушы Тарап тағайындаған авиакомпания (лар) белгілеген бағытта пайдаланылатын, әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуге немесе оларды жөндеуге арналған қосалқы бөлшектер;

в) тіпті егер осы қорлар олар бортқа қабылданған, Уағдаласушы Тарап мемлекеті аумағының үстінен өтетін бағыт учаскесінде пайдаланылатын жағдайдың өзінде екінші Уағдаласушы Тарап тағайындаған авиакомпания (лар) белгілеген бағытта пайдаланылатын әуе кемелеріне арналған отын және жағармай материалдары;

г) тасымалдау құжаттамасын, авиация жүкқұжаттары мен жарнама материалдарын, сондай-ақ моторландырылған қозғалыс құралдарына осындай материалдар мен жабдықтарды жолаушылар мен жүктерді тасымалдауды қамтамасыз ететін жағдайда әуежай ауданы шегінде коммерциялық және пайдалану мақсаттары үшін тағайындалған авиакомпания (лар) пайдалануы мүмкін материалдар мен жабдықтарды қоса алғанда, бір Уағдаласушы Тарап тағайындаған авиакомпания (лар) пайдаланатын қ а ж е т т і қ ұ ж а т т а р .

Осы Баптың 2-тармағының а), б), в) және г) тармақшаларында көрсетілген материалдар кедендік қадағалауда немесе бақылауда ұстау үшін талап етілуі мүмкін.

3. Табельдік борттық жабдықтар Уағдаласушы Тараптардың кез келген әуе кемелерінің бортындағы материалдар мен қорлар сияқты екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында осы Уағдаласушы Тараптың кеден билігінің рұқсатымен ғана түсірілуі мүмкін. Кез келген жағдайда олар кейін алып кеткенге немесе кеден ережелеріне сәйкес басқа мақсатқа ие болғанға дейін аталған биліктің қадағалауына алынады.

## **9-бап**

### **Тікелей транзиттік тасымалдар**

1. Уағдаласушы Тараптардың кез келген мемлекетінің аумағы арқылы тікелей транзитпен жөнелтілетін және әуежай аумағын тастап шықпайтын жолаушылар, багаж, жүк және почта зорлық-зомбылық актілеріне, әуе қарақшылығына және нашақорлық заттарды алып өтуге қарсы қауіпсіздік шаралары талап етілген кезде ғана ерекшелік ретінде жеңілдетілген бақылауға алынады.

2. Тікелей транзитпен жөнелтілетін багаж, жүк және почта импорттау кезінде алынатын кеден баждарынан босатылады.

## **10-бап**

### **Авиациялық қауіпсіздік**

1. Халықаралық құқықтан туындайтын өздерінің құқықтары мен міндеттемелеріне сәйкес Уағдаласушы Тараптар азаматтық авиацияның қауіпсіздігін заңсыз қол сұғу актілерінен қорғау жөнінде бір-біріне қатысты міндеттемелерін растайды. Халықаралық құқық бойынша өздерінің құқықтары мен міндеттемелерінің жалпы қолданымдылығын шектемей, Уағдаласушы Тараптар атап айтқанда, 1963 жылғы 14 қыркүйекте Токио қаласында қол қойылған, Әуе кемелерінің бортында жасалатын қылмыстар және басқа да кейбір актілер туралы конвенцияның, 1970 жылғы 16 желтоқсанда Гаага қаласында қол қойылған, Әуе кемелерін заңсыз басып алумен күрес туралы конвенцияның және 1971 жылғы 23 қыркүйекте Монреаль қаласында қол қойылған, Азаматтық авиацияның қауіпсіздігіне қарсы бағытталған заңсыз актілермен күрес туралы конвенцияның ережелеріне, 1988 жылғы 28 ақпанда Монреаль қаласында қол қойылған, Халықаралық азаматтық авиацияға қызмет көрсететін әуежайлардағы заңсыз зорлық-зомбылық актілерімен күрес туралы хаттамаға, сондай-ақ оған Уағдаласушы Тараптардың екеуі де қосыла алатын кез келген басқа авиациялық қауіпсіздік жөніндегі Конвенцияға сәйкес іс-әрекет жасайтын болады.

2. Уағдаласушы Тараптар сұраулары бойынша бір-біріне әуе кемелерін заңсыз басып алу актілерін және осындай кемелердің, олардың жолаушылары мен экипаждарының, әуежайлар мен аэронавигациялық құралдардың қауіпсіздігіне қарсы бағытталған басқа да заңсыз актілерді, сондай-ақ азаматтық авиацияның қауіпсіздігіне

төнетін кез келген басқа қауіпті болдырмау жөнінде бүкіл қажетті көмекті көрсететін  
б о л а д ы .

3. Уағдаласушы Тараптар өздерінің екі жақты қатынастарында Халықаралық азаматтық авиация ұйымы белгілеген және қауіпсіздік жөніндегі ережелер Уағдаласушы Тараптарға қолданылатын дәрежеде Конвенцияның Қосымшасы ретінде аталатын авиациялық қауіпсіздік жөніндегі ережелерге сәйкес іс-қимыл жасайтын болады; олар тіркеу немесе негізгі қызмет орны немесе тұрақты орны олардың мемлекеттерінің аумағында орналасқан әуе кемелері пайдаланушыларының және олардың мемлекеттерінің аумағындағы әуежайлардың пайдаланушыларының авиациялық қауіпсіздік жөніндегі осындай ережелерге сәйкес іс-әрекет жасауын талап е т е т і н б о л а д ы .

4. Әрбір Уағдаласушы Тарап екінші Уағдаласушы Тараптың әуе кемелерін пайдаланушылардан оның мемлекеті аумағының шегінде келу, кету және болу үшін осы екінші Уағдаласушы Тарап көздейтін, осы Баптың 3-тармағында айтылған авиациялық қауіпсіздік жөніндегі ережелерді сақтауын талап ете алатындығымен келіседі. Әрбір Уағдаласушы Тарап әуе кемелерін қорғау және жолаушыларды, экипажды, қол жүктерін, багажды, жүкті және борттық қорларды қону немесе тиеу кездерінде және оларға дейін тексеру үшін өз мемлекеті аумағының шегінде тиісті шаралардың тиімді қолданылуын қамтамасыз ететін болады. Әрбір Уағдаласушы Тарап нақты қауіпке байланысты орынды арнайы шаралар қолдану туралы екінші Уағдаласушы Тараптың кез келген өтінішіне тілектестікпен қарайтын болады.

5. Әуе кемесін заңсыз басып алуға немесе осындай әуе кемелерінің, олардың жолаушылары мен экипаждарының, әуежайлардың немесе аэронавигациялық құралдардың қауіпсіздігіне қарсы бағытталған қақтығыс немесе қақтығыс қауіпі жағдайында Уағдаласушы Тараптар осындай қақтығысты немесе оның қауіпін тез және қауіпсіз түрде болдырмау мақсатында байланысты жеңілдету және басқа да тиісті шаралар қабылдау арқылы бір-біріне көмек көрсететін болады.

6. Егер Уағдаласушы Тараптардың біреуі осы Бапта көрсетілген авиациялық қауіпсіздік жөніндегі ережелерді сақтамаса, екінші Уағдаласушы Тараптың авиациялық билік орындары осы Уағдаласушы Тараптың авиациялық билік орындарынан дереу консультациялар жүргізуді талап ете алады.

## **11-бап**

### **Ұшу қауіпсіздігі**

1. Әрбір Уағдаласушы Тарап екінші Уағдаласушы Тарап қабылдаған экипажға, әуе кемелеріне немесе оларды пайдалануға байланысты кез келген салада қауіпсіздік стандарттарына қатысты консультациялар өткізуді сұрай алады. Мұндай консультациялар сұрау салынған күннен бастап отыз (30) күннің ішінде жүргізілетін



б о л а д ы .

2. Егер осындай консультациялардан кейін бір Уағдаласушы Тарап екінші Уағдаласушы Тарап осы кезеңге Конвенция бекіткен, ең кем дегенде, ең төмен стандарттарға сәйкес келетін кез келген осындай салада қауіпсіздік стандарттарын тиімсіз пайдаланады және орындайды деп тапса, бірінші Уағдаласушы Тарап осындай ең төмен стандарттарға сәйкестікке келтіру үшін өзінің болжамдары мен қажет деп табатын шаралары туралы екінші Уағдаласушы Тарапқа жазбаша хабарлайды және осы екінші Уағдаласушы Тарап жағдайды түзету жөнінде шаралар қабылдайды. Егер екінші Уағдаласушы Тарап он бес (15) күннің ішінде немесе үлкен уақыт кезеңінде келісімге келе алатын тиісті іс-әрекет жасай алмайтын болса, онда бұл осы Келісімнің 4-бабын қолдану үшін негіз болып табылады.

3. Конвенцияның 33-бабында аталған міндеттемелерге қарамастан бір Уағдаласушы Тараптың авиакомпаниясы пайдаланатын кез келген әуе кемелері екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағы шегінде екінші Уағдаласушы Тарап Мемлекеті аумағына енетін және одан шығатын желілерде осы екінші Уағдаласушы Тараптың уәкілетті өкілдері әуе кемелерінің бортын және сырт жағын, әуе кемесі және экипаж құжаттарының қолданылу мерзімдерін, сондай-ақ бұл негізсіз кідіруге әкелмейтін жағдайда әуе кемесінің және оның жабдықтарының айқын жай-күйін (осы Бапта мұндай тексеру перрондағы тексеру деп аталады) тексерулері мүмкін.

4. Егер осындай перрондағы тексеру немесе тексерулер сериясы мынаған әкелсе:

а) әуе кемесі немесе әуе кемелерін пайдалану осы сәтте Конвенцияға сәйкес белгіленген ең төмен стандарттарға сәйкес келмейді деген елеулі қауіптенуге, немесе

б) осы сәтте Конвенцияға сәйкес белгіленген қауіпсіздік стандарттарын қолдану және басқару тиімділігінің жеткіліксіздігіне байланысты елеулі қауіптенуге, инспекциялауды жүргізетін Уағдаласушы Тарап Конвенцияның 33-бабы мақсатында осы әуе кемесіне қатысты немесе осы әуе кемесінің экипажына қатысты куәліктер оларға сәйкес берілген және жарамды деп танылған талаптар немесе оларға сәйкес осы әуе кемесі ұшуларды орындайтын талаптар Конвенцияға сәйкес белгіленген ең төмен стандарттарға тең болып табылмайтындығы және олардан аспайтындығы жөнінде е р к і н қ о р ы т ы н д ы ж а с а й а л а д ы .

5. Егер осы Баптың 3-тармағына сәйкес бір Уағдаласушы Тараптың авиакомпаниясы немесе авиакомпаниялары пайдаланатын әуе кемелерін перронда тексеруге қол жеткізуді осы авиакомпанияның (лардың) өкілдері қабыл алмаған жағдайда, екінші Уағдаласушы Тарап осы Баптың 4-тармағында айтылған елеулі проблемалар туындауда деп қорытынды жасауға ерікті және осы тармақта көрсетілген қ о р ы т ы н д ы ғ а к е л е д і .

6. Әрбір Уағдаласушы Тарап егер бір Уағдаласушы Тарап перрондағы тексерудің, перрондағы тексерулер сериясының нәтижесінде немесе перронда тексеру жүргізуді қабыл алмаған жағдайда, консультациялар немесе авиакомпанияның (лардың)

ұшуларды қауіпсіз орындауы үшін кідіріссіз іс-қимылдар қажет болған кез келген өзге жағдайда шешім қабылдаған жағдайда екінші Уағдаласушы Тарап авиакомпаниясының (ларының) ұшуларын орындауға рұқсатты дереу тоқтата тұру немесе өзгерту құқығын ө з і н е қ а л д ы р а д ы .

7. Бір Уағдаласушы Тараптың осы Баптың 2 немесе 6-тармақтарына сәйкес қабылданатын кез келген шарасы осы шараны қабылдау үшін негіздеме жойылғаннан кейін тоқтатылатын болады.

## **12-бап**

### **Тарифтер**

1. Уағдаласушы Тараптардың кез келген мемлекетінің аумағына немесе аумағынан жүргізілетін тасымалдар үшін тарифтер пайдалану шығыстарын, орынды пайданы, тұтынушылардың мүдделері мен қызметтердің сипаттамаларын қоса алғанда, барлық тиісті факторларды ескере отырып орынды мөлшерде белгіленетін болады.

2. Осы Баптың 1-тармағында аталған тарифтер екі Уағдаласушы Тараптың тағайындалған тиісті авиакомпанияларымен келісілетін болады.

3. Ол туралы осы Баптың 2-тармағында айтылатын келісімге мүмкіндігіне қарай, Әуе көлігі халықаралық қауымдастығының (ИАТА) тіркелген ставкалар тетігін пайдалану жолымен қол жеткізілетін болады.

4. Осылайша келісілген тарифтер екі Уағдаласушы Тараптың авиациялық билік орындарына ең кем дегенде оларды енгізудің болжамды күнінен отыз (30) күн бұрын бекітуге берілетін болады; жекелеген жағдайларда бұл уақыт шектелімі аталған билік орындарының келісуі бойынша қысқартылуы мүмкін.

5. Егер тиісті тағайындалған авиакомпаниялар осы тарифтердің кез келгеніне келісе алмайтын болса немесе қандай да болмасын басқа себептер бойынша тариф осы Баптың 2-тармағына сәйкес белгілене алмайтын болса немесе осы Баптың 4-тармағында айтылған отызкүндік (30) кезеңнің бірінші он бес (15) күні ішінде бір Уағдаласушы Тараптың авиациялық билік орындары екінші Уағдаласушы Тараптың авиациялық билік орындарына осы Баптың 2-тармағына сәйкес келісілген қандай да болмасын тарифпен келіспейтіндігі туралы хабарлама жібереді, Уағдаласушы Тараптардың авиациялық билік орындары тарифтерді келісу жөнінде күш-жігерлерін ж ұ м с а й т ы н б о л а д ы .

6. Егер авиациялық билік орындары жоғарыда көрсетілген 4-тармаққа сәйкес оларға ұсынылған қандай да бір тарифті бекіту бойынша немесе 5-тармаққа сәйкес қандай да бір тарифті белгілеу бойынша келісімге келе алмаса, онда дау осы Келісімнің 18-бабының ережелеріне сәйкес реттелетін болады.

7. Бір де бір тариф Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысының авиациялық билік орындары оны бекіткенге дейін күшіне енбейтін болады.

8. Осы Баптың ережелеріне сәйкес белгіленген тарифтер осы Баптың ережелеріне сәйкес жаңа тарифтер белгіленгенге дейін, бірақ Уағдаласушы Тараптардың біреуінің авиациялық билік орындары оларды бекітпеген күннен бастап он екі айдан ұзақ емес мерзімге күшінде қалатын болады.

9. Әрбір Уағдаласушы Тараптың авиациялық билік орындары тағайындалған авиакомпаниялардың Уағдаласушы Тараптардың авиациялық билік орындарына ұсынылған, келісілген тарифтерді сақтауларын және бір де бір авиакомпанияның ешқандай дәрежеге тікелей немесе жанама түрде тарифтерді заңсыз төмендетпеуін қамтамасыз ету үшін барлық күш-жігерін жұмсайтын болады.

### **13-бап**

#### **Кірістерді аудару**

1. Әрбір Уағдаласушы Тарап екінші Уағдаласушы Тараптың тағайындалған авиакомпаниясына (ларына) өзінің мемлекетінің аумағында тікелей және авиакомпанияның (лардың) шешуі бойынша агенттер арқылы авиакөлік қызметтерін (билеттер мен авиациялық жүкқұжаттарын беруді қоса алғанда) сатуды жүзеге асыру құқығын береді. Әрбір авиакомпанияның тасымалдау жөніндегі осындай қызметтерді сату құқығы болады және кез келген тұлға тасымалдау жөніндегі осындай қызметтерді ұлттық немесе басқа елдердің еркін айырбасталымды валютасымен сатып алуға ерікті.

2. Әрбір Уағдаласушы Тарап екінші Уағдаласушы Тараптың тағайындалған авиакомпаниясына (ларына) оның мемлекетінің аумағында екінші Уағдаласушы Тараптың тағайындалған авиакомпаниясының (ларының) жолаушыларды, багажды, жүкті және почтаны тасымалдау процесінде алынған кірістерінің шығыстарынан асып түсуін аударым күніне алғандағы айырбастың ресми курсы бойынша еркін айырбасталымды валютамен еркін аудару құқығын береді. Аударымдар кідіріссіз, сұрау берген күннен бастап кем дегенде алпыс (60) күн бұрын жасалатын болады.

3. Егер Уағдаласушы Тараптардың арасында ерекше төлем келісімі болатын болса, онда төлемдер осындай келісімнің ережелеріне сәйкес жүргізілетін болады.

### **14-бап**

#### **Коммерциялық қызмет**

1. Әрбір Уағдаласушы Тараптың тағайындалған авиакомпаниясы (лары) заңдарды және екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің ережелерін сақтай отырып, белгіленген бағыттар бойынша шарттық желілерді пайдалану үшін әкімшілік, коммерциялық, пайдаланымдық және техникалық персоналды жалдаудың және екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында өкілдіктер белгілеу мен оларды пайдаланудың бірдей мүмкіндігіне ие болады.

2. Әрбір Уағдаласушы Тараптың тағайындалған авиакомпаниясы (лары) бұдан әрі

барлық үлгідегі тасымалдау құжаттамасын сатудың, жарнамалаудың және екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында оны сатуға жәрдемдесудің бірдей мүмкіндіктеріне ие болады.

## **15-бап**

### **Алымдар ставкалары**

Әрбір Уағдаласушы Тарап олардың құзыретті билік орындары екінші Уағдаласушы Тараптың тағайындалған авиакомпаниясынан (ларынан) өндіріп алуды белгілеген немесе белгілеуге рұқсат еткен алымдар ставкасының әділетті және орынды болуын қамтамасыз ету үшін барлық күш-жігерін жұмсайтын болады.

## **16-бап**

### **Кесте беру**

1. Шартты желілердің кестелері екі Уағдаласушы Тараптың авиациялық билік орындарының бекітуі үшін оларды енгізудің болжамды күнінен кем дегенде отыз (30) күн бұрын ұсынылатын болады.

Ерекше жағдайларда бұл мерзім аталған билік орындарының келісімімен қысқартылуы мүмкін.

2. Тағайындалған авиакомпаниялар қосымша ұшуларды орындауға рұқсат алуға сұраныстарды екінші Уағдаласушы Тараптың авиациялық билік орындарының тікелей бекітуі үшін ұсына алады.

## **17-бап**

### **Консультациялар және өзгерістер**

1. Уағдаласушы Тараптардың авиациялық билік органдары тығыз ынтымақтастық рухында осы Келісімнің ережелерін орындау және сақтау мақсатында мезгіл-мезгіл консультациялар өткізетін болады.

2. Кез келген Уағдаласушы Тарап осы Келісімді немесе оның Қосымшасын өзгерту мақсатында консультациялар сұрай алады. Мұндай консультациялар егер екі Уағдаласушы Тарап осы кезеңді ұзартуға келіспейтін болса, бір Уағдаласушы Тараптың сұрау алған күнінен бастап алпыс (60) күннің ішінде басталатын болады.

Мұндай консультациялар келіссөздер немесе хат жазысу арқылы жүргізілетін болады.

3. Осы Келісімнің кез келген өзгерісі Уағдаласушы Тараптар олардың тиісті мемлекетішілік рәсімдерінің аяқталуы туралы бірін-бірі жазбаша түрде хабардар еткенде ғана күшіне енуі мүмкін.

4. Осы Келісімнің Қосымшасына кез келген өзгерістер тиісті авиациялық билік

орындарының арасында жазбаша түрде келісілетін болады және осы билік орындары белгілеген кезден бастап күшіне енеді.

## **18-бап**

### **Дауларды реттеу**

1. Егер Уағдаласушы Тараптардың арасында осы Келісімді түсіндіруге немесе қолдануға қатысты қандай да болмасын дау туындаса, ең алдымен Уағдаласушы Тараптар дауды тікелей келіссөздер жолымен реттеу үшін барлық күш-жігерлерін жұмсайтын болады.

2. Егер Уағдаласушы Тараптар келіссөздерде дауды реттеуге қол жеткізбесе; олар дауды шешу үшін адамға немесе органға өтініш жасауға келісуі мүмкін, мұндай ұсынысқа келіспеген жағдайда Уағдаласушы Тараптардың біреуінің сұрауы бойынша дау үш арбитрден тұратын төрелік соттың қарауына берілетін болады, оларды біреуден әрбір Уағдаласушы Тарап тағайындайды және үшіншісін осындай жолмен тағайындалған екеуі белгілейді. Әрбір Уағдаласушы Тарап арбитрді Уағдаласушы Тараптардың біреуінің дипломатиялық арналары бойынша екінші Уағдаласушы Тараптан дауды төрелік сот жолымен шешуді сұраған хабарлама алған күннен бастап алпыс (60) күннің ішінде тағайындайды және үшінші арбитр келесі алпыс (60) күннің ішінде тағайындалатын болады. Егер Уағдаласушы Тараптардың біреуі белгіленген кезеңнің ішінде өзінің арбитрін тағайындамаса немесе егер үшінші арбитр белгіленген кезеңнің ішінде белгіленбесе, онда кез келген Уағдаласушы Тарап Азаматтық авиация халықаралық ұйымы кеңесінің төрағасынан жағдайдың талап еткеніндей, арбитрді немесе арбитрлерді тағайындауын сұрай алады. Кез келген жағдайда, үшінші арбитр үшінші Мемлекеттің азаматы болып табылады және төрелік соттың төрағасы ретінде іс-әрекет етеді.

3. Уағдаласушы Тараптар осы Баптың 2-тармағына сәйкес қабылданған шешімдерді орындауға міндеттенеді.

4. Егер кейіннен бір Уағдаласушы Тарап осы Баптың 2-тармағына сәйкес қабылданған шешімді орындамаса, онда екінші Уағдаласушы Тарап бірінші Уағдаласушы Тарапқа осы Келісіммен берілген құқықтарды немесе артықшылықтарды шектеуі, тоқтата тұруы немесе алып тастауы мүмкін.

5. Әрбір Уағдаласушы Тарап өзі тағайындаған арбитрдің шығыстары мен сыйақысын өзіне алады; үшінші арбитрдің қаламақысы мен шығыстарын, сондай-ақ төрелік сотқа байланысты шығыстарды Уағдаласушы Тараптар бірдей үлесте төлейтін болады.

## **19-бап**

### **Тіркеу**

Осы Келісім және оған барлық түзетулер Азаматтық авиацияның халықаралық ұйымында тіркелетін болады.

## **20-бап**

### **Көп жақты келісімдер**

1. Конвенцияның ережелері осы Келісімге қолданылатын болады.
2. Егер екі Уағдаласушы Тарап қабылдаған, осы Келісім қозғайтын кез келген мәселеге қатысты көп жақты келісім күшіне енсе, мұндай келісімнің тиісті ережелері осы Келісімнің тиісті ережелерін алмастыратын болады.

## **21-бап**

### **Қолданымдылық**

Нидерланд Корольдігіне қатысты осы Келісім Корольдіктің Еуропадағы бір бөлігіне ғана қолданылатын болады.

## **22-бап**

### **Күшіне енуі**

Осы Келісім Уағдаласушы Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындау туралы дипломатиялық арналар арқылы соңғы жазбаша хабарлама алған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім Уағдаласушы Тараптардың біреуі екінші Уағдаласушы Тараптан оның Келісімді қолданылуын тоқтату шешімі туралы дипломатиялық арналар арқылы жазбаша хабарлама алған күнінен бастап 12 ай өткенге дейін күшінде қалады. Осындай хабарлама бір мезгілде Халықаралық азаматтық авиация ұйымына жіберілетін болады. Екіншіні Уағдаласушы Тараптың алғандығы туралы растау болмаған кезде хабарлама Халықаралық азаматтық авиация ұйымы хабарламаны алғаннан кейін он төрт (14) күннен соң алынған болып есептеледі.

Жоғарыда айтылғандардың дәлелі ретінде тиісінше өздерінің тиісті Үкіметтері уәкілеттік берген, төменде қол қоюшылар, осы Келісімге қол қойды.

Гаага қаласында 2002 жылғы 27 қарашада екі данада, әрқайсысы қазақ, нидерланд, орыс және ағылшын тілдерінде жасалды.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған кезде Уағдаласушы Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін*

*Нидерланд Корольдігінің*

*Үкіметі үшін*

## Қосымша

1. Қазақстан Республикасының тағайындалған авиакомпаниясы (лары) төменде көрсетілген бағыттар бойынша әуе қатынасын орындау құқығына ие болады:

Қазақстандағы пункттер - аралық пункттер - Нидерландтағы пункттер - аумақтан тыс жердегі және кері пункттер.

2. Нидерланд Корольдігінің тағайындалған авиакомпаниясы (лары) төменде көрсетілген бағыттар бойынша әуе қатынасын орындау құқығына ие болады:

Нидерландтағы пункттер - аралық пункттер - Қазақстандағы пункттер - аумақтан тыс жердегі және кері пункттер.

3. Белгіленген бағыттардағы кез келген немесе барлық пункттер әрбір тағайындалған авиакомпанияның шешуі бойынша кез келген немесе барлық рейстер қалдырылуы мүмкін.

4. Кез келген аралық пункттерге және/немесе аумақтан тыс жердегі пункттерге осы пункттер мен екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағы арасындағы ауа еркіндігінің Бесінші дәрежесінің құқықтарын пайдаланбай бір Уағдаласушы Тараптың тағайындалған авиакомпаниясы (лары) қызмет көрсете алады. Ауа еркіндігі Бесінші дәрежесінің мұндай құқықтарын сонымен бірге бір Уағдаласушы Тараптың тағайындалған авиакомпаниясы (лары) екінші Уағдаласушы Тараптың авиациялық билік орындарынан алдын ала рұқсат алғаннан кейін пайдалана алады.